

**Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Ақтөбе облысының білім беру ұйымдары қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2024 жылғы 27 мамырдағы № 142 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 мамырда № 8585-04 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртібі мен шарттарына сәйкес жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдары қаржы жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына отыз пайыз мөлшерінде ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың төрағасы*

*Г. Суентаева*